

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан
Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" ШЖҚ
РМК атқарған жұмыстары туралы ақпарат
2020 жылғы 12 ай үшін**

ҚР НҚА МЕМЛЕКЕТТІК ТІЗІЛІМІ

Ағымдағы жылдың 12 айында Мемлекеттік тізілімге 13 379 құжат енгізілді, оның ішінде 10 617 – есептік кезеңде аумақтық әділет органдарында тіркелген жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың нормативтік құқықтық актілері.

Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда ағымдағы жылы Мемлекеттік тізілімге 3 019 актіге (29 %) артық енгізілді.

Мемлекеттік тізілім Интернетте еркін қолжетімділікке ие (www.zanorda.kz), оның ақпараттық ауқымы күнделікті жаңартылып, мемлекеттік және орыс тілдерінде қалыптастырылып отырады.

ҚР НҚА ЭТАЛОНДЫҚ БАҚЫЛАУ БАНКІ

Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкі электрондық және қағаз түрінде қалыптастырылады.

ЭББ АЖ-да барлығы 134 мыңнан астам НҚА енгізілген.

Эталондық банкте а.ж. 12 ай ішінде 13 379 акт жарияланды, 2019 жылдың осы кезеңінде 10 360 акт жарияланған.

Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда ағымдағы жылы Эталондық банкте 3 019 актіге (29 %) артық жарияланды.

Эталондық банк өзекті жағдайда ұсталады. А.ж. 12 ай есептік кезеңінде 8377 НҚА-ға түзетулер енгізілді (бұл өткен жылмен салыстырғанда 1347 актіге (19 %) артық), оның ішінде: 3308 – орталық мемлекеттік органдардың, 5069 – жергілікті органдардың актілері. 7528 НҚА күшін жоюға қойылды (2019 жылмен салыстырғанда 5205 актіге (224 %) артық), оның ішінде: 2138 – орталық актілер, 5390 – жергілікті актілер.

Ақпараттық ауқым күнделікті жаңартылып, қазақ және орыс тілдерінде қалыптастырылып отырады.

НҚА жүйеге 2016 жылғы 25 шілдедегі № 439 ҚРҮҚ-мен бекітілген мерзімде (5 жұмыс күні) енгізіледі.

Республика бойынша күнделікті орташа есеппен 53 НҚА жарияланады.

ЭББ АЖ-да НҚА-ларды ресми жариялау оның пайдаланушылар арасында танымалдылығын өсіруге ықпал етеді. Осылайша, 2020 жылы ЭББ АЖ-ға 262 062 пайдаланушылар болды және кіріп шығу саны 459 531, бұл 2019 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 126,16 % пайдаланушыларға

артық (2019 ж. – 115 876) және кіріп шығу саны 83,56 %-ға (2019 ж. – 250 347) артық.

«ӘДІЛЕТ» АҚПАРТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕ

«Әділет» АҚЖ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің жүйелендірілген және толыққанды деректер қорына жалпыға бірдей тегін қолжетімділікті қамтамасыз етуге арналған. Жүйе 1991 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі жиынтығын қамтиды.

Google Analytics есептеушісі негізінде ақпараттық-құқықтық жүйеге кіруді талдауы Интернет пайдаланушылар арасында оның жоғары танымалдығын куәландырады (2019 ж. – 18,04 млн. астам кірулер). 01.01.2020 ж. бастап 28.12.2020 ж. дейінгі кезеңде 7,88 млн. пайдаланушылар «Әділет» АҚЖ-ға кірген және 24,61 млн. кірулер жүргізілді, бұл 2019 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда тиісінше 48,13% (2019ж. – 5,32 млн. пайдаланушылар) және 36,96% (2019 ж. – 17,96 млн. кірулер) жоғары.

01.01.2020 ж. бастап 28.12.2020 ж. дейінгі кезеңдегі кірулердің негізгі үлесі Қазақстан пайдаланушылары – 23,80 млн. кірулер немесе 24,61 млн. кірудің 96,74%. 2019 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 37,12% (2019 жылы – 17,36 млн. кірулер) ұлғайған.

Сондай-ақ Ресей (267 мың кірулер немесе 24,61 млн. кірудің 1,09%), АҚШ (71 мың немесе 24,61 млн. кірудің 0,29 %), Украина (23 мың немесе 24,61млн. кірудің 0,10 %), Өзбекістан (25 мың немесе 24,61 млн. кірудің 0,11 %) тұрғындары да сайтқа деген қызығушылық танытуда.

Құрылғылар бөлінісінде сеанс статистикасы: үстел ДК/ноутбук – 14,95 млн. кірулер немесе 24,61 млн. кірудің 60,75%, мобильді құрылғылар және планшеттер – 9,66 млн. кірулер немесе 24,61 млн. кірудің 39,25%.

Piwik талдамалық құрылғысы негізінде МО БКО арқылы 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 28 желтоқсанға дейінгі кезеңде 2,8 млн. кірулер тіркелді, бұл былтырғы жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 11,75% (2019 жыл – 2,48 млн. кірулер) көп.

ТАЛДАМАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТАНУШЫЛЫҚ БІРЫҢҒАЙ ДЕРЕКҚОРЫ

Талдамалық және әлеуметтанушылық бірыңғай дерекқоры мемлекеттік органдардың талдамалық құрылымдарының жұмыс деңгейін арттыруға және зерттеулерге республикалық бюджеттен бөлінген қаражатты шығындау ашықтығы, сондай-ақ нормашығармашылық жұмысында зерттеу материалдарын пайдалану үшін Қазақстан Республикасында жүргізілетін талдамалық және әлеуметтанушылық зерттеулерді біріктіруге арналған. Дерекқор Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының республикалық

бюджеттен қаржыландырылатын талдамалық және әлеуметтанушылық зерттеулерінің, оның ішінде халықаралық ұйымдарымен бірлескен зерттеулер нәтижелерінің жиынтығын графикалық PDF форматында мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде (материалды әзірлеушінің тіліне байланысты) жиынтығы кіреді.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын талдамалық және әлеуметтанушылық зерттеулерінің, оның ішінде халықаралық ұйымдарымен бірлескен зерттеулерінің бірыңғай дерекқорында (*бұдан әрі – Зерттеулер дерекқоры*) 29.12.2020 жылғы жағдай бойынша орталық мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдарының, ұлттық холдингтердің және компаниялардың 2685 зерттеуі енгізілді.

Сонымен қатар, Зерттеулер дерекқорында 210 пайдаланушы тіркелген.

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 29 желтоқсанға дейінгі кезеңде Зерттеулер дерекқорына мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың, ұлттық холдингтердің және компаниялардың 185 зерттеуі енгізілді.

ҚР ӘМ КОРПОРАТИВТІК ПОРТАЛЫ

ҚР ӘМ корпоративтік порталы Әділет министрлігімен келесі мақсаттарда құрылды:

- Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне талдау жасау;
- Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің, «ЗҚАИ» ШЖҚ РМК және мемлекеттік органдардың заңнамалық блок департаменттерінің НҚА құқықтық мониторингі мәселелері бойынша өзара іс-қимыл процесін автоматтандыру;
- жүргізілген НҚА құқықтық мониторингінің нәтижелері бойынша ақпаратқа жедел қолжетімділік;
- НҚА тізілімін жүргізу.

Мемлекеттік сатып алулар туралы 2019 жылғы 1 наурыздағы № 67/к шартының аясында «ЗҚАИ» ШЖҚ РМК 2019 жылы және 2020 жылдың қаңтар-ақпан айларында Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Корпоративтік порталын сүйемелдеу бойынша қызметтер көрсетті.

Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу қорытындылары бойынша (2020 жылғы 28/ шілдедегі № 117/к шарты) «ЗҚАИ» ШЖҚ РМК 2020 жылдың соңына дейін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Корпоративтік порталын сүйемелдеу бойынша қызметтер көрсетеді.

Осыған орай есепті кезеңде бекітілген жоспар-кестеге сәйкес: пайдаланушыларға жүйемен жұмыс істеу бойынша әдістемелік қолдау көрсету, клиенттік орынды баптау (VPN), есептік тіркеуге кіруге рұқсат беру, регистр бойынша деректерді шығарып алу, құпиясөздерді қалпына келтіру,

пайдаланушылардың мониторинг кестесін толтыруын үйлестіруден тұратын жұмыстар жүргізілді.

Әр тоқсан аяқталғаннан кейін «ЗҚАИ» ШЖҚ РМК ақпараттық жүйені сүйемелдеу бойынша көрсетілген қызметтер туралы ҚР ӘМ есептерін ұсынады. Есепке сүйемелдеу және әкімшілендіру, деректер базасының жұмыс істеу ерекшеліктеріне мониторинг жүргізу, резервтік көшіру, лог файлдары бар CD-дискілер хаттамалары қоса беріледі.

ҚР ӘМ АХУАЛДЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Ахуал орталығы» ақпараттық-талдау жүйесі әділет органдарының қызметін тұрақты жедел бақылауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ басқарушылық шешімдер қабылдауды автоматтандыруға арналған.

Ахуал орталығы дереккөзі:

- «Жеке тұлғалар» МДБ;
- «Жылжымайтын мүлік тізілімі» МДБ;
- «Заңды тұлғалар» GBD;
- «АҚАЖ» ақпараттық жүйесі;
- Анықтама қызметі АЖ;
- «Ұлттық зияткерлік меншік институты» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі;
- Корпоративтік портал;
- Атқарушылық іс жүргізу органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі болып табылады

Қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 68/к шарт шеңберінде ҚР ӘМ «ЗҚАИ» ШЖҚ РМК ағымдағы жылы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ахуалдық орталығын сүйемелдеу бойынша қызметтер көрсетеді.

Осыған байланысты есепті кезеңде бекітілген жоспар-кестеге сәйкес жұмыстар жүргізілді, оған мыналар: жүйемен жұмыс жасауда пайдаланушыларға консультациялық қолдау көрсету, есептік жазбаларға рұқсат беру.

ҚҰҚЫҚТЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ҚЫЗМЕТ

2020 жылы (27.12.2020 жылғы жағдай бойынша) барлығы **147 291** консультация көрсетілді, бұл 2019 жылдың ұқсас кезеңінен 3,9% - ға аз (*2019 жылғы ұқсас кезең-153 288*), оның ішінде:

Бірыңғай 119 нөміріне телефон арқылы түскен өтініштерге **132 916** консультация, бұл 2019 жылдың ұқсас кезеңінен 5,6% – ға аз (*2019 жылдың ұқсас кезеңі-140 768*);

WhatsApp онлайн мессенджері арқылы келіп түскен **8 100** жазбаша өтініш 2019 жылдың сәйкес кезеңінен 18,2% - ға аз (*2019 жылдың ұқсас кезеңі – 9 905*);

«Әділет» ҚР НҚА ДБ арқылы түскен **1 166** онлайн-консультацияның түрі, бұл 2019 жылдың ұқсас кезеңінен 12,2% - ға асады (*2019 жылдың ұқсас кезеңі -1 039*);

4 229 өтініш «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің дерекқорының «виртуалды кеңесші» виджеті арқылы»;

ҚР Әділет министрінің блог-платформасына келіп түскен **385** жазбаша өтініш, бұл 2019 жылдың ұқсас кезеңінен 27,5% - ға асады (*2019 жылдың ұқсас кезеңі-302*);

Атқарушылық іс жүргізу, сондай – ақ сот орындаушыларының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану мәселелері бойынша 222 өтініш (шағым) келіп түскен, бұл 2019 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 3 есе аз (*2019 ж. ұқсас кезең-720*);

ҚР ӘМ «ЗҚАИ» ведомстволық сайтындағы «Сұрақ-жауап» бөліміне келіп түскен **187** жазбаша өтініш, бұл 2019 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 40% - ға артық (*2019 жылдың ұқсас кезеңі -134*);

ҚР ӘМ ведомстволық сайтындағы «Сұрақ-жауап» бөліміне келіп түскен азаматтардың **86** жазбаша өтініштері, бұл 2019 жылдың сәйкес кезеңінен 5 есе аз (*2019 жылдың ұқсас кезеңі – 420*).

Жұмыс күніндегі орташа саны 540 (тәулігіне 367) телефон консультациясын және 58 жазбаша консультацияны құрады.

Ақпараттық анықтамалық жүйелерді пайдалана отырып, анықтамалық-консультациялық қызметті бағалаған қанағаттандырылған азаматтардың үлесі 95,33% - ды құрады.

ҚАҚ «Құқықтық ақпараттық қызмет кеңес береді» арнайы айдарында «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің жаршысы» журналында «Атқарушылық жазба жасау», «Қазақстан Республикасындағы Төтенше жағдай режимі бойынша өзекті мәселелер», «ҚР-дағы балалық шақ пен балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі кейбір мәселелер» тақырыптарында мақалалар дайындап, орналастырылды»

Сонымен қатар, ҚР-да ТЖ режимінің қолданылу кезеңінде ҚАҚ «Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» ҚР Президентінің Жарлығына байланысты құқықтық мәселелерді түсіндіру бойынша жедел желі болып жарияланды.

2020 жылы консультациялар бойынша көрсеткіштердің төмендеуі коронавирустық инфекцияға байланысты ТЖ режимі мен карантинді енгізумен байланысты болуы мүмкін деп санаймыз.

ҚР халқын сайлау заңнамасының мазмұнын тиімді және толыққанды түсіндіру жұмысымен қамтамасыз ету мақсатында ЗҚАИ сайлау кезеңіне Құқықтық ақпараттық қызметтің (бұдан әрі – ҚАҚ) жұмысын қамтамасыз ету бойынша барлық қажетті шараларды қабылдады, осыған байланысты 2020 жылғы 10 желтоқсаннан бастап Қазақстан Республикасының Орталық сайлау

комиссиясымен шарт жасалды.

2020 жылғы 10 желтоқсаннан 2021 жылғы 10 қаңтарға дейін ҚАҚ қызметтерін мемлекеттік сатып алу туралы шарт шеңберінде 2012 консультация көрсетілді, оның ішінде:

- бірыңғай 119 нөміріне телефон арқылы келіп түскен өтініштерге 1515 консультация;

- WhatsApp онлайн мессенджері арқылы келіп түскен 224 жазбаша өтініш;

- ҚР «Әділет» НҚА ДБ өтініштер модулі арқылы келіп түскен 37 онлайн-консультация;

- ҚР НҚА «Әділет» ДБ «виртуалды консультанты» виджеті арқылы 236 онлайн-консультация.

Сайлау заңнамасы саласындағы азаматтардан өтініштердің басым бөлігі сайлаушылардың есептен шығару куәліктерін алуға, дауыс беру қорытындыларын шығаруға қатысты және байқаушылар, кандидаттардың сенім білдірген адамдары және БАҚ өкілдері сияқты сайлау процесіне қатысушылардың мәселелері бойынша келіп түсті.

ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТІ

Консультациялық қызметтер және ғылыми құқықтық сараптама

Атап айтқанда, **32** заң тұжырымдамасы және **43** заң жобасы бойынша **75** консультациялық қызмет көрсетілді. **79** заң жобасына және **38** халықаралық шарт жобасына ғылыми құқықтық сараптама жүргізілді. Сондай-ақ есепті кезеңде Институт қызметкерлері түрлі заң жобаларын әзірлеу және талқылау бойынша **98** жұмыс топтарының отырысына қатысты.

№ 1 кестеде консультациялық қызметтер көрсету шеңберінде 2019 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырмалы ақпарат берілген.

Кесте № 1

Көрсеткіштер	2019 жылдың 12 айы	2020 жылдың 12 айы
Заң жобасының тұжырымдамасын әзірлеу бойынша консультациялық қызмет	45	32
Заң жобасын әзірлеу бойынша консультациялық қызмет	38	43
Халықаралық шарт жобасы бойынша консультациялық қызмет	1	-
Заң жобасына ғылыми құқықтық сараптама	-	79
Халықаралық шарт жобасына ғылыми құқықтық сараптама	1	38

Заң жобаларын әзірлеу және талқылау бойынша жұмыс топтарына қатысу	30	98
Барлығы	115	290

Ғылыми лингвистикалық сараптама

Есептік кезеңде лингвистика орталығымен **160** сараптамалық қорытынды берілді, оның ішінде: **113** – заң жобасына (*ПӘ-ден кейін қайталама – 25*); **47** – халықаралық шарт жобасына.

№ 2 кестеде ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу шеңберінде 2019 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырмалы ақпарат берілген.

Кесте № 2

Көрсеткіштер	2019 жылдың 12 айы	2020 жылдың 12 айы
Сараптамалық қорытынды, оның ішінде:	207	160
заң жобалары бойынша	96	113
халықаралық шарт жобалары бойынша	111	47

Заңнаманың тиімділігін талдау

Есептік кезеңде Институттың құқықтық мониторинг орталығымен **50** заңның құқықтық мониторингі жүзеге асырылды.

№ 3 кестеде құқықтық мониторинг жүргізу шеңберінде 2019 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырмалы ақпарат берілген.

Кесте № 3

Көрсеткіштер	2019 жылдың 12 айы	2020 жылдың 12 айы
Заңнамалық актілердің құқықтық мониторингі	50	50

Институттың ғылыми-зерттеу жұмысы

Институттың ғылыми-зерттеу жұмысы келесі іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеу тақырыптары бойынша жүргізілді:

1. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік-әкімшілік басқару жүйесін жетілдірудің қазіргі үрдістері»;
2. «Қоғамдық мониторинг: жағдайы және даму болашағы»
3. «Қазақстан Республикасының отбасылық-тұрмыстық салада зорлық-зомбылықты қолданғаны үшін жауапкершілік туралы заңнамасы және оны жетілдіру мәселелері»;
4. «Қазақстан Республикасында заң жобалау қызметін ғылыми қамтамасыз ету»;

5. «Жаһандық цифрландыру жағдайындағы адам құқықтары: Қазақстанның тәжірибесі және ЭЫДҰ/ЕО қатысушы елдердің озық тәжірибесі»;

6. «Заңнама терминдері және құқықтық тіркестер».

Зерттеу тақырыбы елдің мынадай: Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан халқына жолдауы, Үкіметтің 2020 жылға заң жобалау жұмыстарының жоспары және 2016-2021 жылдарға Заң шығару жұмысының тұжырымдамалық жоспары сияқты стратегиялық және бағдарламалық құжаттарымен анықталады.

Институттың ғылыми-теориялық ізденістері нәтижелерінің апробациясы заң шығармашылық саласында заңнаманы жетілдіру ғылыми тұжырымдамаларын әзірлеумен, заң жобаларына, халықаралық шарттар мен олардың жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу барысында, сондай-ақ Институт қызметкерлерінің қатысуымен әзірлеуші органдармен бірлесіп заң жобаларын әзірлеу барысында жүзеге асырылады.

Есепті кезеңде ғылыми жұмысты жүзеге асыру шеңберінде Институт қызметкерлерімен **2** ғылыми-практикалық оқу құралы, **1** оқу құралы, **4** монография, **2** практикум, **1** ғылыми басылым, **3** жинақ, **206** ғылыми мақала және **38** интернет-порталдарда жарияланымдар жарияланды, сонымен бірге интернет-порталдарға **4** сұхбат берілді.

Есепті кезеңде Институтпен **29** іс-шара ұйымдастырылды және өткізілді, сондай-ақ Институттың қызметкерлері **108** іс-шараға қатысты (дөңгелек үстелдер, конференциялар, семинарлар және т.б.).

№ 4 кестеде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу шеңберінде 2019 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырмалы ақпарат берілген.

Кесте № 4

Көрсеткіштер	2019 жылдың 12 айы	2020 жылдың 12 айы
Ғылыми зерттеулер тақырыптарының саны	6	6
Ғылыми мақалалар	151	206
Интернет-порталдарда жарияланымдар	26	38
Интернет-порталдарда интервью	-	4
Оқу құралдары	1	1
Монографиялар	2	4
Практикум	-	2
Жинақтар	10	3
Әдістемелік оқулықтар	1	-
Ғылыми-практикалық оқулықтар	2	2
Ғылыми басылымдар	2	1
Институтпен іс-шаралар өткізу (семинарлар, дөңгелек үстелдер, конференциялар)	19	29

Іс-шараларға қатысу (семинарлар, дөңгелек үстелдер, конференциялар)	124	108
---	-----	-----

Институттың баспа және типографиялық қызметі

Есепті кезеңде баспа және типография қызметі бөлімімен **8854** данада **71** атау бойынша баспа өнімдерін дайындады.

№ 5 кестеде баспа және баспаханалық қызмет шеңберінде 2019 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырмалы ақпарат берілген.

Кесте № 5

Көрсеткіштер	2019 жылдың 12 айы	2020 жылдың 12 айы
Дайындалған баспа өнімдері (данада)	4435	8854